

Шетелдік азаматтардың Қазақстан Республикасының аумағында жабайы андарды аулауына арналған бірыңғай ең төменгі төлем ставкаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 22 шілдедегі N 688. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002.04.15. N 429 қаулысымен. ~P020429

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Шетелдік азаматтардың жабайы андарды аулауына арналған республика бойынша бірыңғай ең төменгі төлем ставкалары қосымшаға сәйкес бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасының аңшылық шаруашылығын басқарудың арнаулы уәкілеттік берілген мемлекеттік органына шетелдік азаматтардың жабайы андарды аулауына арналған төлем ставкаларын ең төменгіден халықаралық рыноктағы сұранысқа байланысты арттыруға рұқсат етілсін.
3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман, балық және аң шаруашылығы комитеті бір айлық мерзім ішінде жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін, сондай-ақ оны қорғаған және ұдайы өндіргені үшін төлемдер алудың және оларды жұмсаудың тәртібін әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынсын.
4. "Қазақстан Республикасындағы шет ел азаматтарының жабайы

хайуанаттарды аулауға ақы төлеуін ретке келтіру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 30 қыркүйектегі N 976

P930976_

қаулысының (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1993 ж., N 40, 469-құжат) күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 22 шілдедегі
N 688 қаулысына
қосымша

Шетелдік азаматтардың Қазақстан Республикасының
аумағында жабайы андарды аулауына арналған
бірынғай ең төменгі төлем ставкалары

Жабайы андар | Бір бас үшін ставкалардың
| мөлшері, теңгемен
<*>

Тұяқты жануарлар

Арқар | 900000

Бұхар бұғысы | 530000

Қаралық | 38000

Бұлан | 46000

Марал | 140000

Үстірт жабайы қойы | 500000

Қабан | 30000

Елік | 38000

Тоқал бұғы | 38000

Киік | 30000

Сібір тау ешкісі | 115000

Жыртқыш және мамық жүнді андар

Борсық | 4000

Қасқыр | 15000

Тұлкі, жанат тәрізді ит, қарсақ, |
шиебөрі, дала күзені, жабайы мысықтар,|
ақкіс | 4000

Аю | 150000

Сілеусін | 30000

Қоян | 150

Қанатты жабайы құстар

Саңырау құр (көктемде) | 20000

Саңырау құр (күзде) | 4000

Құр (көктемде) | 8000

Құр (күзде) | 800

Қаз | 500

Үйрек, қасқалдақ | 200

Ұлар | 7500

Көгершіндер, түркептер, балшықшы, |
сүкүзғын, сұқсыр үйрек, қызылқасқа |
сұтартар, тартар, бейнарық, көлбүқа | 80

Бөдене, кеклік, шіл | 350

Қырғауыл | 800

Басқа құс түрлері | 80

<*>

Ескерту. Қызмет көрсету ақысы есептелмesten

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК